

2006 жылғы 24 қарашадағы ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 тамыздағы № 487 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 24 қарашадағы ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 3 қарашада Ташкентте жасалған хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы тамыздағы
№ 487 қаулысымен
бекітілген

2006 жылғы 24 қарашадағы ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2006 жылғы 24 қарашадағы ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге 2-қосымшаның 5-нысаны мынадай редакцияда жазылсын:

"5-нысан

Оқыту процесін қамтамасыз ететін педагог кадрлар туралы мәліметтер

Р/с №	Т.А.Ә	Оқытылатын курс ¹	Лауа-зымы ²	Білімі (мамандығын көрсету)	(Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі ³ , педагогикалық өтілі	Көрсетілген курсты қанша уақыт оқытады

Ескертпе:

1. Тараптардың құзыретті органдары бекіткен халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқыту саласындағы бірыңғай бағдарламаларға сәйкес тақырыптары (пәндері, сабақтары) көрсетіледі.

2. Негізгі жұмыс орны бойынша және оқыту ұйымындағысы/білім беру ұйымындағысы көрсетіледі.

3. Халықаралық автомобиль тасымалдаушыларының кәсіби құзыреттілігіне қосымша оқытумен байланысты негізгі мамандығы бойынша көрсетіледі."

2-бап

Келісімге 3-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"2006 жылғы 24 қарашадағы
ТМД қатысушы мемлекеттердің
халықаралық автомобиль
тасымалдаушыларын қосымша
оқытуға және кәсіби
құзыреттілігіне қойылатын
талаптарды үйлестіру туралы
келісімге
3-қосымша

Куәлік нысаны

ТМД қатысушы тиісті мемлекеттің атауы және айырым символы (1)	Халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын дайындау саласындағы құзыретті (2) о р г а н
--	--

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАУШЫСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КУӘЛІГІ

№

(3) берілді, туған жылы.....

(4) ретінде кәсіби құзыреттілікке (жылы:.....; күні:.....) біліктілік емтиханын тапсырды және кәсіби жұмыс үшін білікті деп танылды.

Осы куәлік 2006 жылғы 24 қарашадағы ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімге сәйкес кәсіби құзыреттілігінің жеткілікті дәлелі болып табылады және осы салада кәсіби жұмыс істейтін адамдарға халықаралық көлік операцияларына еркін қатысу құқығын қамтамасыз ету үшін арналған.

берілді
(куәлікті беру орны)

(куәлікті беру күні)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____
(қолы) (аты-жөні және тегі)

Хатшы _____
(қолы) (аты-жөні және тегі)

1) ТМД қатысушы мемлекеттердің атауына сәйкес келетін атауы, айырым символы.

(2) ТМД қатысушы мемлекеттің сертификат беретін халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын дайындау саласындағы құзыретті органының атауы.

(3) Тегі, аты, әкесінің аты.

(4) Маманның санаты (халықаралық автомобиль тасымалын орындауға жауапты лауазымды адам/халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асыратын жүргізуші).

*Куәліктер бланкілері қорғау элементтері (құралдары) (қорғалған полиграфиялық өнім) бар қатаң есептілік бланкілері болуға, ТМД қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қатаң есептілік бланкілерінің қорғалу деңгейіне қойылатын талаптарға және оларды іске асыру және есепке алу тәртібіне сәйкес әзірленуі және өткізілуі тиіс."

3-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін тиісті құжаттарды депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

2017 жылғы "3" қарашада Ташкент қаласында бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттің әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін	Ресей Үкіметі үшін	Федерациясының
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Үкіметі үшін	Республикасының
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Түрікменстан Үкіметі үшін	
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Үкіметі үшін	Республикасының

Қырғыз
Үкіметі үшін
Молдова
Үкіметі үшін

Республикасының Украина Үкіметі үшін

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК